Алматы облысы,
Іле ауданы, Түймебаев ауылы
ЖШС «Ғасыр-МБК»

«Өркен» бөбекжай - балабақшасы

№1 жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы

Тақырыбы: «Баланың балабақшаға бейімделу процесін тиімді ұйымдастыру және ата-ана мен педагог арасындағы серіктестікті нығайту»

2025–2026 оқу жылы

Төрайымы: Жәуміт А.Б.
Хатшысы:Бүркіт А .
Өткізілген күні: 10.09.2025
Өткізілген орны: “Өркен” бөбекжай-балабақшасы
Қатысқандар: Тәрбиешілер, ата-аналар

Жиналыстың мақсаты:
Баланың балабақшаға бейімделу процесін тиімді ұйымдастыру және ата-ана мен педагог арасындағы серіктестікті нығайту.
Міндеттері:

* Баланың жаңа ортаға бейімделуін жеңілдету
* Ата-ананың педагогикалық сауаттылығын арттыру
* Ортақ талап жүйесін қалыптастыру

Күн тәртібі:

1. Баланың балабақшаға бейімделуі
2. Ата-ана мен тәрбиешінің өзара байланысы
3. Тәрбиедегі ортақ талаптар

Тыңдалды:

Жиналыс барысында баланың балабақшаға алғаш келу кезеңі оның жалпы психоэмоционалдық дамуына және жаңа ортаға бейімделу үдерісіне тікелей әсер ететіні жан-жақты түсіндірілді. Бұл кезеңде баланың үйреншікті отбасылық ортадан бөлек жаңа ұжымға енуі оның мінез-құлқында уақытша өзгерістер тудыруы мүмкін екені атап өтілді. Атап айтқанда, бейімделу кезеңінде балаларда мазасыздану, ата-анасынан ажырағанда жылау, тәрбиешіге немесе жаңа ортаға қарсылық білдіру, ұйқы және тәбет режимінің уақытша бұзылуы сияқты жағдайлардың болуы – қалыпты құбылыс екені түсіндірілді. Мұндай жағдайлар әр балада жеке ерекшелігіне қарай әртүрлі мерзімде өтетіні айтылды. Сонымен қатар, баланың жаңа ортаға тез әрі жеңіл бейімделуінде ата-ананың сабырлылығы, эмоционалдық тұрақтылығы және балаға көрсетілетін қолдауының маңызы ерекше екені баса айтылды. Ата-ана тарапынан асығыстық немесе артық уайым баланың бейімделу үдерісін қиындатуы мүмкін екені ескертілді.
Жиналыста үйдегі тәрбие мен балабақшадағы талаптардың бірізді болуы баланың мінез-құлқының тұрақтылығын қалыптастыратыны, сондай-ақ тәртіпке үйренуін жеңілдететіні туралы толық ақпарат берілді. Баламен күнделікті қарым-қатынаста жылы сөз, түсіндіру

және қысқа қоштасу рәсімдерін қолдану ұсынылды.
Балалардың алғашқы апталардағы мінез-құлқы бақылауға алынып, тәрбиешілер мен ата-аналар арасында тұрақты байланыс орнатудың маңыздылығы да атап өтілді. Бұл өз кезегінде баланың өзін қауіпсіз сезінуіне және жаңа ортаға тез сіңісуіне ықпал ететіні түсіндірілді.

Тәрбиешінің талдауы:
Бастапқы кезеңде кейбір балаларда бейімделу қиындығы байқалды. Алайда ата-аналармен жүргізілген түсіндіру жұмыстары нәтижесінде балалардың жағдайы біртіндеп тұрақтанды.

Қаулы:
* Ата-аналар балабақшамен тұрақты байланыста болсын;
* Баланың күн тәртібі қатаң сақталсын;
* Баланың эмоциялық жағдайына назар аударылсын;
* Ортақ тәрбиелік талап жүйесі енгізілсін.

Әдістемелік ұсыныстар:

* Баламен таңертең қоштасу рәсімін қысқа және сабырлы жүргізу
* Баланы балабақша туралы жағымды ақпаратпен таныстыру

Төрайымы: **Жәуміт А.Б**

Хатшысы: **Бүркіт А.**